

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеудің 2005 жылға арналған ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 ақпандағы N 111 Қаулысы

"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес және асыл тұқымды өніммен (материалмен) қамтамасыз етуде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеудің 2005 жылға арналған ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

7

а қ п а н д а ғ ы

N 1 1 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеудің 2005 жылға арналған ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеудің 2005 жылға арналған ережесі (бұдан - әрі Ереже) асыл тұқымды мал шаруашылығын сақтау және дамыту мақсатында 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау" бағдарламасының 101 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдау" кіші бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен және соның шегінде мал тұқымын асылдандыру зауыттарына, асыл тұқымды мал шаруашылықтарына, мал тұқымын асылдандыру және дистрибьютерлік орталықтарына (бұдан әрі - асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілері) қаражат төлеудің (бұдан әрі - субсидиялау) жалпы шарттары мен тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2 . С у б с и д и я л а р :

1) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған асыл тұқымды өнімнің (материалдың) құнын ішінара арзандатуға;

2) мал тұқымын асылдандыру ісін дамыту үшін сатып алынатын арнайы

технологиялық және зертханалық жабдықтар (бұдан әрі - жабдықтар) мен жиһаздың, сондай-ақ арнайы және ұйымдастыру техникасының (бұдан әрі - техника) құнын толық өтеуге ;

3) мал тұқымын асылдандыру орталығына асыл тұқымды бұқаларды сатып алу және күтіп ұстау, олардың ұрығы мен эмбриондарын алу, сақтау, пайдалану жөніндегі шығындарды толық өтеуге ;

4) мал тұқымын асылдандыру орталығына асыл тұқымды қошқарларды сатып алу және күтіп ұстау жөніндегі шығындарды толық өтеуге ;

5) етті құс өсіру жөніндегі асыл тұқымды шаруашылықта (бұдан әрі - асыл тұқымды шаруашылық) асыл тұқымды құстар санын толықтыратын балапандарды сатып алу жөніндегі шығындарды және оларды азықтандыру үшін сатып алынатын құрама азықтардың құнын толық өтеуге ;

6) қостанай жылқысын өсіретін асыл тұқымды мал зауытында (бұдан әрі - асыл тұқымды мал зауыты) асыл тұқымды жылқыларды өсіру, күтіп ұстау және жаттықтыру, тұқымдық айғырлардың ұрығын алу және сақтау жөніндегі шығындарды толық өтеуге ;

7) асыл тұқымды мал зауыты үшін араб тұқымының айғырларын сатып алу жөніндегі шығындарды толық өтеуге ;

8) асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптасқан және 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген салық берешегін (бұдан әрі - мерзімі ұзартылған салық берешегі) республикалық және жергілікті бюджеттерге өтеуіне арналады.

3. Осы Ереженің 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген субсидиялар асыл тұқымды өнімнің (материалдың) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) мал тұқымын асылдандыру ісіне белгілеген квоталар шегінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзандатылған құны бойынша нақты көлемін сатқаны үшін белгіленген тәртіппен аттестатталған асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілеріне төленеді.

4. Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне субсидия нормативтері осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

5. Асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілері асыл тұқымды өнімді (материалды) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге Ауылшарминімен келісілген, төленетін субсидия мөлшеріне кемітілген баға бойынша дербес сатады.

6. Аудан бойынша, облыс бойынша ұсынылатын асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу-сату шартының, асыл тұқымды өнімді (материалды) мақсатты пайдалану актісінің, асыл тұқымды өнімді (материалды) сату туралы жиынтық актілердің нысандарын Ауылшармині бекітеді.

2. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға арналған субсидияларды төлеу тәртібі

селекцияның асыл тұқымды бұқаларын, жабдықтарды, жиһазды, сондай-ақ техниканы Ауылшарминімен келісілген тізбе бойынша сатып алуға арналған шарттардың бір-бір данасын ұсынады ;

2) Ауылшармині ұсынылған шарттарды 10 күн ішінде тексереді және асыл тұқымды бұқаларды, жабдықтарды, жиһазды, сондай-ақ техниканы сатып алу үшін белгіленген тәртіппен мал тұқымын асылдандыру орталығының ағымдағы шотына бюджеттік ақшаны аударады. Мал тұқымын асылдандыру орталығы асыл тұқымды бұқаларды, жабдықтарды, жиһазды, сондай-ақ техниканы сатып алғаннан кейін келесі айдың ішінде Ауылшарминіне төлем құжаттары мен жеткізу актілерінің көшірмелерін ұсынады .

9. Мал тұқымын асылдандыру орталығында асыл тұқымды бұқаларды күтіп ұстауға , олардың ұрығы мен эмбриондарын алуға, пайдалануға, сақтауға арналған шығындарды толық өтеу үшін:

1) мал тұқымын асылдандыру орталығы Ауылшарминіне асыл тұқымды бұқаларды күтіп ұстау, олардың ұрығы мен эмбриондарын алу, пайдалану, сақтау жөніндегі есептемелердің бір данасын, сондай-ақ асыл тұқымды бұқаларды күтіп ұстау, олардың ұрығы мен эмбриондарын алу, пайдалану, сақтау жөніндегі нақты шығындарды растайтын құжаттарды ұсынады ;

2) Ауылшармині ұсынылған құжаттарды 10 күн ішінде тексереді және күнтізбелік жылдың соңына дейін асыл тұқымды бұқаларды күтіп ұстауға, олардың ұрығы мен эмбриондарын алуға, пайдалануға, сақтауға бюджеттік ақшаны мал тұқымын асылдандыру орталығының ағымдағы шотына аударады.

10. Асыл тұқымды қошқарларды мал тұқымын асылдандыру орталығына сатып алуға арналған шығындарды толық өтеу үшін:

1) мал тұқымын асылдандыру орталығы Ауылшарминіне отандық немесе шетелдік селекцияның асыл тұқымды қошқарларын сатып алуға арналған шарттардың бір-бір данасын ұсынады ;

2) Ауылшармині ұсынылған шарттарды 10 күн ішінде тексереді және асыл тұқымды қошқарларды сатып алу үшін белгіленген тәртіппен мал тұқымын асылдандыру орталығының ағымдағы шотына бюджеттік ақшаны аударады. Мал тұқымын асылдандыру орталығы асыл тұқымды қошқарларды сатып алғаннан кейін келесі айдың ішінде Ауылшарминіне төлем құжаттары мен жеткізу актілерінің көшірмелерін ұсынады .

11. Мал тұқымын асылдандыру орталығында асыл тұқымды қошқарларды күтіп ұстауға арналған шығындарды толық өтеу үшін:

1) мал тұқымын асылдандыру орталығы Ауылшарминіне асыл тұқымды қошқарларды күтіп ұстау жөніндегі есептемелердің бір данасын, сондай-ақ асыл тұқымды қошқарларды күтіп ұстау жөніндегі нақты шығындарды растайтын құжаттарды ұсынады ;

2) Ауылшармині ұсынылған құжаттарды 10 күн ішінде тексереді және күнтізбелік жылдың соңына дейін асыл тұқымды қошқарларды күтіп ұстауға бюджеттік ақшаны мал тұқымын асылдандыру орталығының ағымдағы шотына аударады.

12. Асыл тұқымды шаруашылықта асыл тұқымды құстар санын толықтыратын балапандарды, жабдықтар мен техниканы сатып алу жөніндегі шығындарды толық өтеу үшін:

1) асыл тұқымды шаруашылық Ауылшарминіне асыл тұқымды құстар санын толықтыратын балапандарды, жабдықтар мен техниканы Ауылшарминімен келісілген тізбе бойынша сатып алуға арналған шарттардың бір-бір данасын ұсынады;

2) Ауылшармині ұсынылған шарттарды 10 күн ішінде тексереді және асыл тұқымды құстар санын толықтыратын балапандарды, жабдықтар мен техниканы сатып алу үшін белгіленген тәртіппен асыл тұқымды шаруашылықтың ағымдағы шотына бюджеттік ақшаны аударады. Асыл тұқымды шаруашылық асыл тұқымды құстар санын толықтыратын балапандарды, жабдықтар мен техниканы сатып алғаннан кейін келесі айдың ішінде Ауылшарминіне төлем құжаттары мен жеткізу актілерінің көшірмелерін ұсынады.

13. Асыл тұқымды шаруашылықта асыл тұқымды құстар санын толықтыратын балапандарды азықтандыру үшін сатып алынатын құрама азықтардың құнын толық өтеу үшін:

1) асыл тұқымды шаруашылық Ауылшарминіне құрама азықтарды сатып алуға арналған шарттың бір данасын, асыл тұқымды құстар санын толықтыратын балапандарды азықтандыру жөніндегі нақты шығындарды растайтын құжаттарды ұсынады;

2) Ауылшармині ұсынылған құжаттарды 10 күн ішінде тексереді және күнтізбелік жылдың соңына дейін асыл тұқымды құстар санын толықтыратын балапандарды азықтандыру үшін құрама жем сатып алуға бюджеттік ақшаны асыл тұқымды шаруашылықтың ағымдағы шотына аударады.

14. Араб тұқымының айғырларын, жабдықтар мен техниканы асыл тұқымды мал зауытына сатып алуға арналған шығындарды толық өтеу үшін:

1) асыл тұқымды мал зауыты Ауылшарминіне араб тұқымының айғырларын, сондай-ақ жабдықтар мен техниканы Ауылшарминімен келісілген тізбе бойынша сатып алуға арналған шарттардың бір-бір данасын ұсынады;

2) Ауылшармині жасалған шарттарды 10 күн ішінде тексереді және араб тұқымының айғырларын, жабдықтар мен техниканы сатып алу үшін белгіленген тәртіппен асыл тұқымды мал зауытының ағымдағы шотына бюджеттік ақшаны аударады. Асыл тұқымды мал зауыты араб тұқымының айғырлары, жабдықтар мен техниканы сатып алғаннан кейін келесі айдың ішінде Ауылшарминіне төлем құжаттары мен жеткізу актілерінің көшірмелерін ұсынады.

15. Асыл тұқымды мал зауытында асыл тұқымды жылқыларды өсіруге, күтіп

10, 11, 12, 13, 14, 15-тармақтарына сәйкес субсидияларды төлеу үшін ақы төлеу шотын ұсынады.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеудің 2005 жылға арналған ережесіне 1-қосымша

Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне арналған субсидия нормативтері

1. Сатылатын асыл тұқымды төлдерге арналған субсидия нормативтері

Мал мен құстың түрлері мен тұқымдары	Сатылатын 1 кг тірі салмаққа арналған субсидия нормативі, теңге (құнының 50% дейін)	
	асыл тұқымды мал зауыттары үшін	асыл тұқымды шаруашылықтар үшін
1	2	3
<u>Ірі кара мал</u>		
сүтті бағыттағы:		
Қара-ала (әулиеата, голштин) сиыры	76	69
Қызыл (қырдың қызыл сиыры)	76	69
Қоңыр (алатау) сиыры	76	69
Қызғылт сары шұбар (симментал)	76	69
Айршир сиыры	76	69
етті бағыттағы:		
Қазақтың ақбас сиыры	76	69
Әуликөл сиыры	76	69
Герфорд сиыры	66	60
Қалмақ сиыры	69	63
Санта-гертруда сиыры	66	60
Галловей сиыры	34	31
<u>Қойлар</u>		
биязы жүнді бағыттағы:		
Қазақтың арқар мериносы	79	72

Солтүстік қазақ мериносы	79	72
Оңтүстік қазақ мериносы	79	72
Қазақтың биязы жүнді қойы	79	72
Австралия мериносы	330	300
биязылау жүнді бағыттағы:		
Қазақтың биязылау жүнді қойы	79	72
Қазақтың етті-жүнді қойы	79	72
Ақжайық етті-жүнді қойы	79	72
Дегерес қойы (биязылау жүнді)	79	72
Цигай қойы	79	72
етті-майлы бағыттағы:		
Еділбай қойы	74	67
Гиссар қойы	72	65
Қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойы	72	65
Сарыарқа қойы	72	65
Қазақтың ұяң жүнді құйрықты қойы	72	65
Дегерес қойы (ұяң жүнді)	72	65
Атырау елтірілік құйрықты қойы	72	65
Қаракөл қойы	72	65
<u>Шошқалар</u>		
Ірі ақ шошқа	80	70
Немістің асыл текті шошқасы	65	60
Дюрок	60	50
Ақсай қара-ала шошқасы	47	42
Жетісу шошқасы	47	42
<u>Жылқылар</u>		
спорт бағытындағы:		
Таза тұқымды мініс жылқысы	81	75
Ақалтеке жылқысы	81	75
Араб жылқысы	75	67
Қостанай жылқысы	81	75
Дон жылқысы	75	67

Орыстың желіс жылқысы	75	67
Орлов желіс жылқысы	75	67
Қарабайыр жылқысы	75	67
өнімдік бағыттағы:		
Қазақтың жабы жылқысы	81	75
Мұғалжар жылқысы	81	75
Көшім жылқысы	81	75
Адай жылқысы	81	75
Орыстың ауыр жүк таситын жылқысы	81	75
<u>Түйелер</u>		
Қазақтың айыр түйесі	74	66
Түрікменнің аруанасы	72	65
<u>Бұғылар</u>	74	69
<u>Маралдар</u>	74	69

2. Тұқымдық бұқалар ұрығының бір дозасына субсидиялар нормативі

Асыл тұқымды өнімнің түрі	Ұрықтың 1 дозасына арналған субсидия нормативі, теңге (құнының 50% дейін)
Асыл тұқымды бұқалардың ұрығы	140

3. Сатылған асыл тұқымды бір жұмыртқаға арналған субсидиялар нормативтері

Асыл тұқымды өнімнің түрі	Асыл тұқымды 1 жұмыртқаның 1 данасына субсидиялар нормативтері, теңге (құнының 50% дейін)
Тауық (жұмыртқалағыш) жұмыртқасы	12
Тауық (еттік) жұмыртқасы	40
Үйрек жұмыртқасы	12
Күркеауық жұмыртқасы	50
Қаз жұмыртқасы	50
Түйеқұс жұмыртқасы	2400

4. Мал тұқымын асылдандыру ісі үшін сатып алынатын жабдықтар мен техниканың қ ұ н ы н т о л ы қ ө т е у .

5. Мал тұқымын асылдандыру орталығына асыл тұқымды бұқаларды сатып алу және күтіп ұстау, олардың ұрығы мен эмбриондарын алу, пайдалану, сақтау жөніндегі шы ғ ы н д а р д ы т о л ы қ ө т е у .

6. Мал тұқымын асылдандыру орталығына асыл тұқымды қошқарларды сатып алу және күтіп ұстау жөніндегі шығындарды толық өтеу.

7. Асыл тұқымды шаруашылық үшін асыл тұқымды құстар санын толықтыратын балапандарды сатып алу жөніндегі шығындарды толық өтеу.

8. Асыл тұқымды шаруашылықта асыл тұқымды құстар санын толықтыратын балапандарды азықтандыру үшін сатып алынатын құрама азықтардың құнын толық ө т е у .

9. Асыл тұқымды мал зауыты үшін араб тұқымының айғырларын сатып алу жөніндегі шығындарды толық өтеу.

10. Асыл тұқымды мал зауытында асыл тұқымды жылқыларды өсіру, күтіп ұстау, жаттықтыру, асыл тұқымды айғырлардың ұрығын сақтау жөніндегі шығындарды толық өтеу.

" **Бекітемін** "

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің _____ облыстық а у м а қ т ы қ б а с т ы ғ ы

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеудің 2005 жылға арналған ережесіне 2-қосымша

б а с қ а р м а с ы н ы ң

(а т ы - ж ө н і , қ о л ы , м ө р і)

2005 жылғы " ____ " _____

_____ облысы бойынша 2005 жылдың _____ айындағы асыл тұқымды өнімнің (материалдың) _____

(а с ы л т ұ қ ы м д ы т ө л д е р , т ұ қ ы м д ы қ б ұ қ а л а р

ұ р ы ғ ы , а с ы л т ұ қ ы м д ы ж ұ м ы р т қ а - қ а ж е т т і с і қ а л д ы р ы л с ы н)

сатылуы және субсидиялар төлеу туралы

БІРІКТІРІЛГЕН ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСТЬ

Атауы	Жылдық квота	Сатылған асыл тұқымды өнімнің (материалдың) 1	Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) асылдандыру мақсатына нақты сатыл-

				данасы (кг т/с, доза, дана) үшін субсиди- ялар	ғаны (кг т/с, доза, дана)	
аудан- ның	асыл тұқымды өнімді (матери- алды) сатушы- ның	(кг, доза, дана)	теңге	норма- тиві, теңге	жылдың басынан бері	есеп беру айдың ішінде
1	2	3	4	5	6	7

таблицаның жалғасы

Жылдың басынан бері субсидияның тиесілі сомасы, теңге	Жылдың басынан бері, төленгені, теңге	Субсидияның тиесілі сомасының қалдығы, теңге	Төленуге тиісті, теңге
8	9	10	11

* Сатылған асыл тұқымды өнімнің (материалдың) әрбір түріне жеке жасалады

Облыстың асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы _____

(а т ы - ж ө н і , қ о л ы)

Облыстық аумақтық басқарманың бас бухгалтері _____
(а т ы - ж ө н і , қ о л ы)

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеудің 2005 жылға арналған ережесіне 3-қосымша

Б е к і т е м і н

(а у м а қ т ы қ с а л ы қ

о р г а н ы н ы ң
б а с ш ы с ы)

2005 жылғы " _ " _____

Салық органдарының республикалық және жергілікті бюджеттерге мерзімі ұзартылған салық берешегін өтеу жөніндегі есеп айырысуларға қатысатын

**АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СУБЪЕКТІЛЕРІМЕН
ТЕКСЕРУ АКТІЛЕРІНІҢ
Т І З І Л І М І**

теңге

Бюджет кірістері сыныптама-сының коды	Салықтың (төлемнің) атауы	Салық төлеушінің (асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектісінің) атауы, СТН-і орналасқан жері, салық органының атауы, СТН-і	Салықтыру актісіне қол қойылған күн	Өтеуге ұйғарылатын сома			
				республикалық бюджеттен түсетін салықтар бойынша			
				барлығы	негізгі төлем	өсімақы	айыппұл
1	2	3	4	5	6	7	8

таблицаның жалғасы

Өтеуге ұйғарылатын сома							
жергілікті бюджеттен түсетін салықтар бойынша				Барлығы			
барлығы	негізгі төлем	өсімақы	айыппұл	барлығы (5+9 бағ)	негізгі төлем (6+10 бағ)	өсімақы (7+11 бағ)	айыппұл (8+12 бағ)
9	10	11	12	13	14	15	16

Сомасы жазумен _____ теңге, оның ішінде республикалық бюджетке _____ теңге, _____ бюджетке _____ теңге, _____ теңге, _____ теңге.

Аумақтық салық органы тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____

(қ о л ы)

(а т ы - ж ө н і)

М.О.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеудің 2005 жылға арналған ережесіне 4-қосымша

Салық комитетінің _____

(республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы)

200__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша республикалық және жергілікті бюджеттерге мерзімі ұзартылған салық берешегін өтеу жөніндегі

ЖИЫНТЫҚ САЛЫСТЫРУ АКТІСІ

теңге

Бюджет кірістері сыныптама-сының коды	Салықтың (төлем-нің) атауы	Салық төлеушінің (асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектісі-нің) атауы, СТН-і, орналасқан жері, салық органының атауы, СТН-і	Өтеуге ұйғарылатын сома			
			республикалық бюджеттен			түсетін
			барлығы	негізгі төлем	өсімақы	айыппұл
1	2	3	4	5	6	7

таблицаның жалғасы:

Өтеуге ұйғарылатын сома							
жергілікті бюджеттен түсетін салықтар бойынша				барлығы			
барлығы	негізгі төлем	өсім-ақы	айыппұл	барлығы (4+8 бағ)	негізгі төлем (5+9 бағ)	өсім-ақы (6+10 бағ)	айыппұл (7+11 бағ)
8	9	10	11	12	13	14	15

Жиыны: Берешекті республикалық бюджеттен өтеуге ұйғарылатын сома _____ теңге.

Салыстыру актісі жасалған күн 2005 жылғы " __ " _____

Салық комитетінің басшысы _____

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің
б а с ш ы с ы

(аты-жөні, қолы)

(аты-жөні, қолы)

Тиісті құрылымдық бөлімшенің
б а с ш ы с ы

(аты-жөні, қолы)

М.О.

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК